

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ
ЖӘНЕ ТАБЫСЫ МӘСЕЛЕСІ: КООПЕРАЦИЯНЫҢ РӨЛІ**

**ISSUES OF EMPLOYMENT AND INCOME OF RURAL RESIDENTS
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: THE ROLE OF COOPERATION**

**ВОПРОСЫ ЗАНЯТОСТИ И ДОХОДОВ СЕЛЬСКИХ ЖИТЕЛЕЙ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: РОЛЬ КООПЕРАЦИИ**

Д. ЖЕНСХАН*

Э.Ф.К.

О.Ә. ӘЛІПБЕКІ

биол.ф.д.

Қ. БОДАУХАН

Э.Ф.К.

*C. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан*

**автордың электрондық пошталы: azan_tanat@mail.ru*

D. ZHENSKHAN*

C.E.Sc.

O.A. ALIPBEKI

Dr.Biol.Sc.

K. BODAUKHAN

C.E.Sc.

S. Seifullin Kazakh Agro Technical research University, Astana, Kazakhstan

**corresponding author e-mail: azan_tanat@mail.ru*

Д. ЖЕНСХАН*

К.Э.Н.

О.Ә. ӘЛІПБЕКІ

д.биол.н.

К. БОДАУХАН

К.Э.Н.

*Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина,
Астана, Казахстан*

**электронная почта автора: azan_tanat@mail.ru*

Аңдатпа. Қазақстанның АӨК дамытудың басым бағыттарының бірі-ауыл шаруашылығы кооперативтеріне шаруашылықтың шағын нысандарын біріктіру және өнімді өндірушіден тұтынушыға дейін жылжыту жүйесінде инфрақұрылым құру арқылы аграрлық өндірістің ұсақ тауарлы сипатын шешу. Алайда, кооперативтік қағидаттардың артықшылықтары, әлеуетті резерв әлі толық іске асырылуда, олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі мен маңызы жете бағаланбайды. *Мақсаты* – республикадағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ағымдағы жай-күйін талдау және ауыл халқының өмір сүру сапасына әсер ету тетігін ғылыми негіздеу. *Әдістері* – экономикалық-статистикалық, дерексіз-логикалық, салыстырмалы талдау, жүйелеу. *Нәтижелері* – 2018-2022 жылдардағы кооперация саласының кеңеюіне және ауылдық елді мекендерді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына талдау жүргізілді. Олардың экономикалық, әлеуметтік, демографиялық мәселелерді реттеудегі және ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырудағы рөлі көрсетілген. Кооперация процесін тежейтін негізгі қолайсыз факторлар қарастырылады: оның талаптарына сәйкестігін қаржылық бақылаудың әлсіз дәрежесі, кепіл мүлкінің болмауы немесе оның өтімсіздігі. *Қорытындылар* – ауыл тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуде шаруа (фермер) және жеке қосалқы шаруашылықтар шешуші рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы кооперациясы ауыл шаруашылығы өндірушілерінің шаруашылық жағдайларын жақсартуға көмектеседі, сала ресурстарын тиімді және ұтымды

және экономикалық дамуына, оның ішінде АӨК-нің тиімділігін және өнімділігін арттыру қағидаты; «адамдар – инфрақұрылымға» принципі – бұл қағидат дамыған инфрақұрылымдары мен даму әлеуеті бар ауылдарға халықтың табиғи шоғырлануына қолдау көрсету арқылы ауыл тұрғындарының қалаларға көші-қонын төмендету мақсатын көздейді.

Тұжырымдамадағы аталған қағидаттарды іске асырудың маңызды тәсілдерінің бірі – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, ауыл шаруашылығы кооперациясын, сонымен қатар ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік қызметтерді нығайту арқылы ауыл тұрғындарының табысын ұлғайту болып табылады [қараңыз 4].

Ауыл шаруашылығы кооперациялары және олардың АӨК дамытудағы рөлі мен маңыздылығы көптеген отандық, сондай-ақ шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде зерттеледі. Зерттеушілердің басым бөлігі кооперацияларды ауыл шаруашылығы кәсіпорны мен қызметкерлерінің табыстылығын арттырушы механизм ретінде түсіндіреді [5]. Ауыл шаруашылығы кооперацияларды зерттеуші ғалымдардың бір тобы кооперацияларды ауыл шаруашылығы құрылымдарының тиімді жұмыс істеуін ынталандыруға, бәсекелестік қабілетті арттыруға, АӨК саласының дамуын арттырушы маңызды механизм ретінде көрсеткен [6-7].

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Дүниежүзілік әлеуметтік есебінде кооперацияны ауылдық территорияны дамытудың элементі ретінде қарастырған [8]. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер тобы кооперацияны ұйымдастыру арқылы жұмыссыздық және азық-түлік бағасының өсуі сияқты бірқатар мәселелерді шешуге болатындығын көрсетті [9].

Шетелдік зерттеушілер ауыл шаруашылық кооперациясының артықшылықтарын оның көп қырлылығымен байланыстырады және оның экономикалық-әлеуметтік

аспектілердің көрсетеді [10]. Жалпы алғанда бұл зерттеулердің көпшілігі кооперацияларды ауыл шаруашылығындағы өндіріспен бизнестің көлемін арттыруға бағытталған. Кооперацияларды ауылдық территориялардағы халықтың тұрмыс сапасымен байланыстыра отырып зерттеген ғылыми зерттеулер аз және ол ары қарай зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, біз зерттеуде кооперациялардың ауылдық аумақтарды дамытудағы стратегиялық мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Қазақстанның АӨК дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығы өндірісінің шағын тауарлық сипатын ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру және өнімді өндірушіден тұтынушыға дейін ілгерілету жүйесінде инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Себебі, кооперация – Қазақстанның аграрлық секторы үшін ауыл шаруашылығы құрылымдарының тиімді жұмыс істеуін ынталандыруға арналған маңызды механизм.

Ол өндірілген өнімді өндіруді, сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді бірлесіп ұйымдастыру, өндірістің негізгі құралдарымен қамтамасыз ету үшін шағын және орта шаруашылықтарды біріктіру өнімді өндіру және оны тұтынушыға жеткізу кезінде шығындарды азайтуға ықпал етеді, ауыл шаруашылығының және жалпы АӨК-нің теңгерімді дамуына белсенді әсер етеді, халықтың өмір сүру сапасын арттырып, жеткілікті өмір сүру құралдарымен қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие.

Ауыл шаруашылығы кооперацияларының аталған артықшылықтарына қарамастан Республиканың АӨК-де қалыптасқан ахуалды талдау кооперативтік қағидаттардың мүмкіндіктері мен артықшылықтары, азық-түлік қорын қалыптастырудағы ауыл шаруашылығы кооперациясының әлеуетті резерві әлі толық көлемде іске асырылмағанын, оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі мен маңызы жете бағаланбағанын көрсетеді [11] (1 кесте).

1 кесте – Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің негізгі экономикалық көрсеткіштері

Кооперативтердің негізгі экономикалық көрсеткіштері	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Ауытқу, % (2022/2018)
1. Жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың мүшелерінің саны, бірлік	2 858	2 840	2 919	3 147	3 284	114,9
2. Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметкерлері саны, адам	8 513	7 591	7 692	7 529	7 377	86,7

3. Ауыл шаруашылығы кооперативтері аясында өндірілген өнімдер, тонна	131 543	166 521	206 544	321 223,6	337 570,3	244,9
оның ішінде: - Бидай	7 141	8 305	12 732	10 802,9	32 691,8	457,8
- Жүгері (маис)	2 145	4 616	5 825	5 048,5	10 012,4	466,8
- Арпа	4 586	8 817	8 729	3 236,4	17 790,3	387,9
- Азықтық дақылдар	3 039	38 713	30 669	128 799,2	89 209,5	2935,5
- Картоп	5 406	1 308	2 133	6 527,8	11 091,1	205,2
- Сүтті табынның мүйізді ірі қара малы	3 896	4 489	8 437	9 106,5	6 044,4	155,1
- Сүтті табынның мүйізді ірі қара малының шикі сүт	62 051	65 422	82 925	78 023,4	92 786,3	149,5
- Өзге де мүйізді ірі қара мал мен буйволдар	7 229	6 287	6 593	7 872,8	1 512,1	20,9
- Тірі қойлар мен ешкілер	432	892	662	440	562,8	130,3
4. Ауыл шаруашылығы кооперативтері аясында көрсеткен қызметтер, мың теңге	1 041 412	152 453	1 521 598	1 119 584	1 484 158	142,5
Ескерту: Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылған						

1 кесте мәліметтерін ескеретін болсақ, қарастырылған кезеңдер аралығында (2018-2022жж.) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны біршама ұлғайды. Егер 2018 жылы жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны 2 858 болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 3 284-ке жетті. Яғни ауыл шаруашылығы кооперативтері 2018 жылмен салыстырғанда 15,9%-ға, ал 2021 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға артты. Осы жылдар аралығында, ауыл шаруашылығы кооперативтерімен өндірілген өнім мөлшері үш есеге жақын өсті. Дегенмен, ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі мұндай оң нәтижелер ауылдық аумақтардағы әлеуметтік мәселелерді (жұмыссыздықты, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырудағы) түбегейлі шеше алмай келеді.

Нақтырақ айтатын болсақ, 2022 жылдың соңында ауыл шаруашылығы кооперативтері 7,4 мыңнан астам ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтыды, бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 13,3%-ға немесе бір мыңнан астам адамға аз. Дегенмен, 2018-2022 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы кооперативтерімен аясында өндірілген өндіріс көлемі 2,5 есе, ауыл шаруашылығы кооперативтері аясында көрсетілген қызметтер көлемі де 42,5%-ға артты.

Республика бойынша кооперативтердің ең көп шоғырланған аймағы Түркістан облысы (1 сурет).


2022 жылғы мәлімет бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтердің басым бөлігі Түркістан облысына тиесілі (794), одан кейін Жамбыл (363), Алматы (152). Ақмола (263) және Шығыс Қазақстан (347) облыс-

тары. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ең аз саны құрғақшылықтан зардап шеккен Маңғыстау облысының аймағында (26); Атырау (19) облысында тіркелген. 2022 жылы 2018 жылмен салыстырғанда Жамбыл облысында екі еседен астам, Маңғыстауда 44,4% өссе, республиканың бірқатар облыстарында: Алматы (35%), Қарағанды (8,2%), Қызылорда (24,7%), Қостанай (13,1%), Солтүстік Қазақстан (20%), Шығыс Қазақстан (69,0%) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны азайған.

Жалпы алғанда ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің жалпы жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерінде тұрақты өсім сақталмаған. Сондықтан, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуын кері әсер етіп отырған факторларды зерттей отырып, оның ауылдық территорияларды дамытудағы стратегиялық маңызын анықтау маңызды болып табылады.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жалпы жағдайын зерттеу мен талдау нәтижелері елімізде кооперацияларды дамыту мен қолдау бойынша түрлі деңгейдегі мемлекеттік бағдарламалардың болуына қарамастан кооперация процесін тежейтін жағымсыз факторлар бар екендігін анықтап отыр, оларға ең алдымен, мыналарды жатқызуға болады:

– кооперацияның негізгі қағидатын бұзу – кооперативке еріктілік, «төменнен жоғарыға» орнына «жоғарыдан төменге» құру қағидаты едәуір дәрежеде әрекет етті. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жоспары белгіленді, бұл олардың санын көбейтуге ықпал етті, бірақ олардың тиімді жұмыс істеуін арттырмады;



Ескерту: [қараңыз 11] әдебиет көзі негізінде авторлар әзірлеген
1 сурет – Облыстардағы жұмыс жасап тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтері саны, бірлік

– ауыл шаруашылығы кооперативтеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кезінде кемінде 20 Жеке кәсіпкерлікті біріктіру талабы қойылды, талаптарға сәйкес келмеген жағдайда кооператив пен оның мүшелері мемлекеттік қолдау алуға үміткер бола алмады, бұл «жалған кооперативтердің» құрылуына әкелді, кооператив мүшелеріне ауыл шаруашылығы өндірісі мен кооперацияға қатысы жоқ бөгде адамдар кірді;

– әртүрлі деңгейдегі Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің одақтары (қауымдастықтары) түріндегі үйлестіруші, реттеуші органдардың, ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің кооператив қағидаттарына сәйкестігі жөніндегі бақылаушы органдардың, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жұмысын тексеру (аудиторлық) одақтары түріндегі қаржылық қызметінің болмауы, бұл кооператив мүшелері арасында кірісті бөлу қағидаттарының бұзылуына, дұрыс есепке алмауға, мемлекеттік тіркеуге, оларды арнаулы салық режимін сақтамауға алып келеді;

– ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кооперацияның артықшылықтары, оларды құру және жұмыс істеу тетігі, жаңа заңның негізгі ережелері, мемлекеттік

қолдау шаралары туралы жеткіліксіз хабардар болуы, түсіндіру жұмысы процесінде кешенділіктің болмауы;

– кепіл мүлкінің болмауына немесе оның шағын шаруашылықтарда өтімсіздігіне, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» талап ететін құжаттардың едәуір санына байланысты жеңілдікті несие алудың қиындығы;

– шаруашылық жүргізудің шағын нысандарында (жеке қосалқы шаруашылық; шаруа қожалығы және т.б.) жем сатып алуға, жарық, су және т.б. жеткізу түріндегі сою цехы үшін инфрақұрылым салуға қаржы қаражатының болмауы, өнімді жинауға және тасымалдауға жұмсалатын шығындардың үлесі жоғары [қараңыз 9;12].

Бұл факторлар Республикадағы ауыл шаруашылығы кооперациясының тиісті деңгейде дамымағанындығын, олардың қызметінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне қол жеткізбегенін растайды. Ауыл шаруашылығы кооперативтері санының ұлғаюы ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің, өнім өндірушілердің кірістерінің өсуінің, өнімді сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау және өткізу салаларында инфрақұрылымды дамытудың, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді өндіру мен

оларға қызмет көрсетудің негізгі құралдарымен қамтамасыз етудің сапалық көрсеткіштерін арттыруға қол жеткізуге ықпал еткен жоқ.

Нәтижесінде бүгінгі таңда өңірлердің экономикалық-экономикалық дамуында келесідей өзекті проблемалар орын алуда:

- урбанизация деңгейі күшейіп, бүкіл ел бойынша 60% - ға жетті;
- азық-түлік инфляциясы келесі жылы 20%-дан асты, бұл ретте барлық кірістердің жартысына жуығы азық-түлікке жұмсалады [қараңыз 9];
- қалаларда әлеуметтік инфрақұрылымға жүктеме бар: мектептер, балабақшалар толып жатыр, ауруханалар жетпейді, қол жетімді баспана проблемалары және т. б. бұл ретте ауылда бұл әлеуметтік нысандар континент тапшылығына немесе экономикалық тиімсіздігіне байланысты жабылады.

Ауылдың аумақтардағы көптеген проблемаларды түбегейлі шешу мақсатында 2023 жылдың наурыз айында ҚР-ның ауылдық территорияларын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Құжаттың негізгі мақсаты ауылдық аумақтарды дамыту әдістерін институционалдық тұрғыда қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру, соныдай-ақ, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту және өмір сүруге қолайлы ортаны жасау.

Бұл мақсатты іске асырудың тиімді әрі негізгі тетіктерінің бірі ретінде кооперацияларды дамытудың қажеттілігі көрсетілді. Жобалардың толық көлемде орындалуы үшін Үкіметке ағымдағы жылы (2023ж.) 1 млн астам фермерді қамтитын, ауыл шаруашылығы кооперациясына бір жыл ішінде 1 триллион теңге бөлу қажеттілігі тапсырылды [13,14]. Осылайша ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамыту ауылдық аумақтарды дамытудың негізгі механизмі ретінде мемлекет тарапынан үнемі қолдау тауып келеді.

Зерттеу соңында ауыл шаруашылық кооперациясының көп қырлы және экономикалық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын маңызы механизм екені белгілі болды. Олардың кейбіреулері таза пайдаға немесе үнемдеуге тікелей әсер етеді, ал кейбіреулері нарықтық бағаның қалыптасуына және тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыруға әсер ететін жанама болып табылады. Ауыл шаруашылық кооперативтерінің негізгі артықшылықтары: демократия және операциялардың ашықтығы; фермерлердің жоғары пайдасы; өнімдер мен қызметтердің сапасы жақ-

сартуі [15]; бастапқы материалдарға шығындарды азайту; үлкен нарықтар және жақсы бәсекелестік; құқықтық қолдау; ауылдық аймақтарды дамытудағы рөлі бар.

Қорытынды. Ауыл шаруашылық кооперативін дамыту мемлекеттік деңгейдегі және ауылдық аймақтардағы келесідей мәселелерді реттеуге мүмкіндіктер береді:

1. Біріншіден, ауылдың дамуы мемлекет тарапынан қаржыландыру мен қолдауды талап етеді, мұндай кооперацияны дамыту бұл проблеманы ішінара қысқартады. Сонымен қатар, кооперациялардың дамуы ауылдық аумақтардағы жұмыспен қамтылғандардың үлесін арттырып, тұрақты табыстылықты қамтамасыз етеді.

2. Екіншіден, кооперациялардың дамуы қала нарығында көтерме және бөлшек саудада делдалдардың әр түрлі тізбегін азайтуға мүмкіндік береді. Делдалдардың функцияларын бір ауыл шаруашылығы кооперативі орындайды, ол екеуі де қатысушылардың басқа жобаларға ауылға ақша ағындарын қайтаруды қамтамасыз етеді.

3. Үшіншіден, кооперациялардың дамуы ауылдық аймақтардағы инфрақұрылымды дамытуға (сумен жабдықтау, су бұру, көлік), цифрлық қолжетімділікті қамтамасыз етуге, осының нәтижесінде ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға мол мүмкіндіктерді қалыптастырады. Осылайша ауыл және қала тұрғындары арасындағы өзара теңсіздікті төмендетуге болады.

4. Төртіншіден, ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға, ішкі нарықты және экспорттық әлеуетті арттыру үшін қажетті көлемдегі азық-түліктің және ауыл шаруашылығы өнімдерінің тиімді өндірісін қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда бұлардың барлығы ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына және оның дамуына мультипликативті әсер етеді.

Зерттеу жұмысы О.Ә. Әлипбекидің жетекшілігіндегі №BR10764919 ғылыми техникалық бағдарламасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Candemir, A. Agricultural cooperatives and farm sustainability – a literature review / A. Candemir, S. Duvaleix //Journal of Economic Surveys. - 2021. - Vol. 35. -№ 4.- P. 1118–1144.

[2] Wadsworth, J.J. Marketing Operations of Dairy Cooperatives, 2017, USDA Rural Development [Electronic resource].-2019-URL: <https://dx.doi.org/10.22004/ag.econ.313041> (date of access: 12.05.2023).

[3] «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қаулы. ҚР Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс].- 2023.- URL: <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasynyn-auyldyk-aumaktar-yn-damytudyn-2023-2027-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy> (қаралған күні: 25.04.2023).

[4] «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 Қаулысы [Электрондық ресурс].-2023.-URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (қаралған күні: 07.04.2023).

[5] Аймурзина, Б.Т. Развитие сельскохозяйственной кооперации в казахстане / Б.Т. Аймурзина, М.Ж. Каменова, С.К. Ержанова, Б.К. Спанова // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2022. – №3 (48). – С.8-15.

[6] Дабылтаева, Н.Е. Қазақстанның ауыл шаруашылығы кооперациясының жағдайы және даму перспективасы / Н.Е. Дабылтаева, А.Нуртаева // Вестник университета «Туран» 2022.–№1(93). -Б.36-41.

[7] Калиев, Г.А. Сельскохозяйственная кооперация в республике казахстан: проблемы и пути их решения / Г.А. Калиев, Г.У. Акимбекова, // Проблемы агрорынка. - 2018. – № 1.- С. 1-15.

[8] UNDESA. World Social Report 2021. Reconsidering Rural Development. Department of Economic and Social Affairs Social Inclusion. [Electronic resource].- 2022.- URL: <https://www.un.org/development/desa/dspd/world-social-report/2021-2.html> (date of access: 25.05.2023).

[9] Жакипова, А.С. Сельскохозяйственный кооператив как основа развития села (на примере Акмолинской области Республики Казахстан) / А.С Жакипова, Ж.Ж. Кусаинова, Д.Д. Байбекова // Международный научный журнал «Молодой ученый».- 2022. -№ 47 (442).- С.99-101.

[10] Бодаухан, К. Ішкі көші-қон және оның Қазақстанның ауылдық аумақтарының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға әсері / К. Бодаухан, Д.Женсхан, А.Ж. Жолмуханова // Проблемы агрорынка.-2022.–№4. -Б.197-206.

[11] Сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <https://www.stat.gov.kz/> (дата обращения: 15.02.2023).

[12] Акимбекова, Г.У. Стратегические направления развития сельскохозяйственной кооперации в АПК Республики Казахстан. Национальный аграрный научно-образовательный центр [Электронный ресурс].-2020.- URL:<http://nasec.kz/ru/news/vo-glavu-ugla-razvitiie-selskokhozyaystvennoy-kooperacii-v-apk-kazakhstan> (дата обращения: 08.04.2023).

References

[1] Candemir, A., Candemir, A., Duvaleix, S. (2021). Agricultural cooperatives and farm sustainability – a literature review. *Journal of Economic Surveys*, 35, 4, 1118–1144.

[2] Wadsworth, J.J. (2019). Marketing Operations of Dairy Cooperatives (2017). USDA Rural Development. Available at: <http://dx.doi.org/10.22004/ag.econ.313041> (date of access: 12.05.2023).

[3] «Qazaqstan Respublikasynyñ auyldyq aumaqtaryn damytudyñ 2023-2027 jylдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Qauly [Resolution «on the concept of development of rural territories of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027»] (2023). Available at: <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasynyn-auyldyk-aumaktar-yn--damytudyn--2023-2027--zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy> (date of access: 25.04.2023) [in Kazakh].

[4] «Qazaqstan Respublikasynyñ auyldyq aumaqtaryn damytudyñ 2023-2027 jylдарға арналған тұжырымдамасы» [Concept for the development of rural territories of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027]. Qazaqstan Respublikasy Үкіметінің 2023 jylғы 28 наурыздағы № 270 Qaulysy - Resolution No. 270 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (date of access: 07.04.2023) [in Kazakh].

[5] Ajmurzina, B.T., Kamenova, M.Zh., Erzhanova, S.K., Spanova, B.K. (2022). Razvitie sel'skohozjajstvennoj kooperacii v kazahstane [Development of agricultural cooperation in Kazakhstan]. *Vestnik KazUJeFMT - Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*, №3 (48), 8-15 [in Russian].

[6] Dabyltaeva, N.E., Nurtaeva, A. (2022) Qazaqstannyñ auyl шаруашылығы kooperaciasynyñ jaғдайы және даму perspektivasy [State and prospects of development of agricultural cooperation in Kazakhstan]. *Nauchnyi jurnal Vestnik universiteta «Turan» - Bulletin of "Turan" University*, 1(93), 36-41 [in Kazakh].

[7] Kaliev, G.A., & Akimbekova, G.U. (2018). Sel'skohozjajstvennaja kooperacija v respublike kazahstan: problemy i puti ih reshenija [Agricultural cooperation in the Republic of Kazakhstan: problems and solutions]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 1, 1-15. [in Russian].

[8] UNDESA. World Social Report 2021. Reconsidering Rural Development. Department of Economic and Social Affairs Social Inclusion (2022). Available at: <https://www.un.org/development/desa/dspd/world-social-report/2021-2.html> (date of access: 25.05.2023)

[9] Zhakipova, A.S., Kusainova, Zh.Zh., & Bajbekova, D.D. (2022). Sel'sko-hozjajstvennyj kooperativ kak osnova razvitija sela (na primere

Akmolinskoy oblasti Respubliki Kazakhstan) [Agricultural cooperative as a basis for rural development (on the example of the Akmola region of the Republic of Kazakhstan)]. *Mezhdunar. nauch. zhurnal «Molodoj uchenyj» - International Scientific Journal "Young Student"*, 47 (442), 99-101 [in Russian].

[10] Bodauhan, K., Jenshan, D., Jolmuhanova, A.J. (2022). Işki köşi-qon және onyñ Qazaqstannyñ auyldyq aumaqtarynyñ әлеуметтік инфрақұрылымyn damytuға әсері [Internal migration and its impact on the development of social infrastructure of rural territories of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 4, 197-206 [in Kazakh].

[11] Oficial'nyj sajt Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan [Site

Bureau of National Statistics Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2022). Available at: <https://www.stat.gov.kz/> (date of access: 15.02.2023) [in Russian].

[12] Akimbekova, G.U. (2020). Strategicheskie napravlenija razvitija sel'skohozjajstvennoj kooperacii v APK Respubliki Kazakhstan [Strategic directions of development of agricultural cooperation in the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan]. NAO «Nacional'nyj agrarnyj nauchno-obrazovatel'nyj centr» - National agricultural scientific and educational center. Available at: <http://nasec.kz/ru/news/vo-glavu-ugla--razvitie--selskokhozyaystvennoj-kooperacii-v-apk-kazahstana> (date of access: 08.04.2023) [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Женсхан Дарима – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті; 010000 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: azan_tanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>.

Әліпбеки Оңғарбек Әліпбекұлы; биология ғылымдарының докторы; «Геодезия және картография» кафедрасының профессоры кафедрасының профессоры; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті; 010000 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: oalipbeki@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6205-0490>

Бодаухан Қайрат; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті; 010000 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: kairat_2208@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3232-5315>.

Information about authors:

Zhenshan Darima – The main author; Candidate of Economic Sciences; Associate professor of the Department of Management and Marketing; S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University; 010000 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: azan_tanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>.

Alipbeki Ongarbek Alipbekuly; Doctor of Biological Sciences; Professor of the Department of Geodesy and Cartography; S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University; 010000 Zhenis Ave, 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: oalipbeki@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6205-0490>

Bodaukhan Kairat; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Management and Marketing; S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University; 010000 Zhenis Ave, 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: kairat_2208@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3232-5315>.

Информация об авторах:

Женсхан Дарима - основной автор; кандидат экономических наук; ассоциированный профессор кафедры «Менеджмент и маркетинг»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина; 010000 пр. Женис, 62, г.Астана, Казахстан; e-mail: azan_tanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>.

Әліпбеки Оңғарбек Әліпбекұлы; доктор биологических наук; профессор кафедры «Геодезия и картография»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина; 010000 пр. Победы, 62, г.Астана, Казахстан; e-mail: oalipbeki@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6205-0490>

Бодаухан Кайрат; кандидат экономических наук; ассоциированный профессор кафедры «Менеджмент и маркетинг»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина; 010000 пр. Победы, 62, г.Астана, Казахстан; e-mail: kairat_2208@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3232-5315>